

Арын Айжан Арынқызының «Қылмыстық сот өндірісінде күдіктінің құқықтарын қамтамасыз етудің халықаралық-құқықтық стандарттары: Қазақстан Республикасының заңнамасына имплементациялаудың мәселелері» тақырыбына жазылған «6D030200-Халықаралық құқық» мамандығы бойыниша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясына

РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТИҢ СЫН-ПІКІРІ

1. Ғылыми зерттеу тақырыбының өзектілігі мен оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (тәжірибелін, ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.

Жалпы қоғам мәдениетіндегі, жеке алғанда, саяси мәдениеттегі адам құқықтарының орны, көп жағдайда еліміздегі саяси режимнің сипатымен, әлеуметтік-экономикалық деңгейдің дамуымен, заңдармен және тарихи дәстүрлермен, сондай-ақ азаматтардың қалыптасқан көзқарастарының ерекшелігімен анықталады. Қазіргі заманның рухани құндылықтарының ішінде, адам құқықтары ең маңызды орын алады. Оның үстіне Қазақстан үшін адам құқықтарын қоргау демократиялық құқықтық құндылықтарға бағыт сілтейтін маңызды көрсеткіш, ол Қазақстанның стратегиялық дамуындағы негізгі фактор болып табылуы қажет.

Қоғамның құқықтық, саяси, экономикалық және әлеуметтік жүйелерін реформалауға бағыт алған Қазақстан Республикасы азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қоргауды жүзеге асыру механизмінің негізінде жатқан қағидалардың конституциялық деңдейде бекітілуіне, сондай-ақ барлық демократиялық мемлекеттердің азаматтарын өздерінің қоргалу құқығын қамтамасыз етілуінің жүзеге асыруын реттеуші дүниежүзілік стандарттардан қалыспауға едәуір қоңіл болуде.

Бұл механизм буынының бірі болып қылмыстық сот өндірісінде тұлғаға колсұқпаушылық институты табылады. Сондықтан, күдіктінің құқықтарын қамтамасыз етудің халықаралық-құқықтық стандарттарын Қазақстан Республикасының заңнамасына дұрыс имплементациялау, жүзеге асыру механизмінің тиімді орнатылуы бүкіл қылмыстық процесс институттарының жетілдірілуіне әкеліп соғады. Ал қазіргі таңда, қылмыстық сот өндірісінде күдіктінің құқықтарын қамтамасыз етудің құралдары, яғни кепілдіктері халықаралық-құқықтық стандарттарына сәйкес, толық жүзеге асырылып жатыр деп айта алмаймыз, оның қызмет ету механизмінде көптеген кемшіліктер бар. Осының барлығы, тақырыптың өзектілігін айқындаиды.

2. Диссертациялық зерттеуге қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері

Диссертациялық жұмыстың мазмұны – жүргізілген зерттеу жұмысының нәтижелері жаңа ғылыми сипатқа ие екендігін көрсетеді. Ізденуші зерттеудің мақсаты мен міндеттерін айтарлықтай тұжырымдаған, сондай-ақ төмендегідей маңызды нәтижелерге қол жеткізілгендеңгін айтуға болады:

Бірінші нәтиже. Қазақстандық, ресейлік және басқа да шетелдік авторлардың еңбектерін, қылмыстық процесс саласындағы нормативтік құқықтық актілерді жан-жақты және толық зерделей келе, «кудік» ұғымын және оның мәнін тарихи аспектіде зерттеп, қылмыстық процестің субъектісі ретіндегі құдікті институтының даму кезеңдерін айқындаған.

Екінші нәтиже. Қолданыстағы қылмыстық іс жүргізу заңнамасындағы құдіктінің құқықтары мен заңды мүдделерін, оның құқықтық мәртебесін талдай отырып, құқықтық мәртебесіне жатуы тиіс компоненттерді нақты бөліп көрсеткен.

Үшінші нәтиже. Құдіктінің қылмыстық процесс аясына тартылған сәтінен бастап корғалу құқығына, қорғауши алуға, сондай-ақ өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін заңға қайшы келмейтін қандай да бір тәсілдермен қорғауға деген құқықтары қарастырылып, бұл бойынша қылмыстық процестік заңнаманың нормаларына нақты өзгерістер енгізу туралы ұсыныстар келтірілген.

Төртінші нәтиже. Кінәсіздік презумпциясы қағидасын зерделей келе, қолданыстағы қылмыстық процестік заңнама халықаралық стандарттарға толықтай сәйкес келмегендіктен, Қылмыстық-процестік кодекстің балтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажеттілігі ұсынылған.

Бесінші нәтиже. КР-да жүргізіліп жатқан соттық-құқықтық реформа шенберінде адамның қисынды мерзім ішінде сот талқылауына құқығын қамтамасыз ету мақсатында КР ҚПК-не тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажеттілігі ұсынылған.

Алтыншы нәтиже. Құдіктіге қатысты қолданылатын бұлтартпау шараларының мерзімін қылмыстық іс жүргізу заңнамасында нақты айқындау қажеттілігі туралы ұсыныстар келтірілген.

Корыта келгенде, Арын А.А. Қазақстан Республикасының қолданыстағы қылмыстық іс жүргізу заңнамасын ескере отыра, қылмыстық іс жүргізуде құдіктінің құқықтарын қамтамасыз ету жөніндегі жекелеген халықаралық-құқықтық стандарттарды Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу заңнамасына имплементациялау мәселері бойынша, қылмыстық іс жүргізудің кейбір қағидаларына, атап айтқанда жеке басқа қолсұғылмаушылық, кінәсіздік презумпциясы қағидаларының құқықтық және тәжірибелік мәселелерін қарастыру, жеке тұлғаның конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға бағыттау мақсатында қылмыстық іс жүргізу заңнамасын және оны қолданудың тәжірибесін жетілдіруге бағытталған ұсыныстар жасаған.

3. Ізденуші диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтиженің (қағидасының), тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі.

Бірінші және екінші нәтиже. Негізді әрі шынайы. Диссертациялық зерттеу жұмысында ұсынылған автордың бірінші және екінші тұжырымдары қылмыстық іс жүргізу заңнамасын және құқық қолдану тәжірибесінің деректерін талдау негізінде күдіктілер институтының дамуының төрт кезеңін бөліп көрсету, күдіктің құқықтық мәртебесі мазмұнының құрылымының элементтерін ашып көрсету қылмыстық іс жүргізу құқығының алға ілгерілеуіне септігін тигізеді деп пайымдаймыз.

Ушинші нәтиже. Негізді әрі шынайы болып келеді, себебі, ҚР ҚПК 68-бабының З-бөлігінде «құқылы» деген сөзді «міндетті» деген сөзben ауыстырған жөн деп ұсынылған үшинші тұжырымынан қылмыстық қудалауды жүзеге асыруши органдардың жауаптылық деңгейінің көтерілуін байқаймыз деп пайымдауға болады.

Төртінші нәтиже. Негізді әрі шынайы. Автордың ҚР ҚПК-нің 64 және 65-баптарын біріктіріп, ҚР қылмыстық іс жүргізу заңнамасынан «айыпталушы» дегенді алып тастай отырып, аталған балты «Күдікті» деп атауды ұсынуы жөніндегі төртінші тұжырымы қылмыстық іс жүргізу заңнамасында олқылықтардың орын алуын болдырмауға септігін тигізеді.

Бесінші және алтыншы нәтиже. Негізді әрі шынайы. Шетелдік он тәжірибеге жүгіне отырып, сотқа дейін күзетпен ұстаудың осындағы ұзак мерзімін шектеу керек; бұдан басқа, қылмыстық іс жүргізушілік мәжбүрлеудің өзге де шараларын қолдану мерзімдерін енгізу (қысқарту) туралы да ойлану қажет деп ұсынылған **бесінші тұжырым** және ҚР ҚПК-де сотқа дейінгі тергеп-тексеру және сот талқылауы жүргізілгенге дейін, яғни қылмыстық қудалау мерзімі аяқталғанға дейін үйқамақта ұсташа түріндегі бұлтартпау шарасын қолдану мерзімінің нақты белгіленуі қажет деп ұсынылған **алтыншы тұжырым** қылмыстық процесте жеке басқа қолсұқпаушылық принципінің тиімді жүзеге асырылуының кепілдіктерінің нығаюына, сондай-ақ қылмыстық сот өндірісінде күдіктің құқықтарын қамтамасыз етудің халықаралық-құқықтық стандарттарына сәйкестенуге септігін тигізеді.

Зерттеу барысында диссиденттант қол жеткізген негізгі нәтижелерді қорытындылай келіп, оларды зерттелген саладағы жаңа жетістіктер ретінде тануға болады. Диссертацияда көрсетілген ұсыныстар мен қорытындылардың жаналығы жоғары деңгейде жазылған.

4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиженің (қағидасының), тұжырымдары мен қорытындыларының жаңашылдық деңгейі.

Бірінші және екінші нәтиже. Жаңа болып табылады. «Күдікті» терминін тарихи аспектіде талдай отырып, аталған институттың дамуын

кезендерге бөле отырып, оларға атау берілген және құдіктінің құқықтық мәртебесіне кіретін нақты компонеттер анықталған.

Үшінші және төртінші нәтиже. Жаңа ғылыми нәтижелер болып келеді. Себебі құдіктіге қорғаушы шақыруды ұсыну міндеттін анықтаушыға, тергеушіге, прокурорға және сотқа жүктеу қажеттігі, сондай-ақ Қылмыстық процестік кодексінің 68-бабының 3-бөлігінде «құқылы» деген сөзді «міндетті» деген сөзben аудиостыру туралы және «құдікті» мен «айыпталушы» деп аталатын қылмыстық процесс баптарын біріктіру қажеттігі туралы ұсыныстар келтірлген.

Бесінші нәтиже- жаңа. Құдіктіге қатысты қолданылатын күзетпен ұстаудың ұзак мерзімін шектеп, оның нақты мерзімін қылмыстық процестік заңнамада қарастыру көзделген.

Алтыншы нәтиже. Жаңа болып табылады, себебі үйқамаққа алу, күзетпен ұстасу сияқты бұлтартпау шараларының түрлері адамның жеке басына қосындылаштырылған принципіне сәйкес жүзеге асырылуы тиіс болғандықтан, бұл бұлтартпау шараларына қажет болған кезде балама шараларды қолдану және оның мерзімін ұзарту көзделген.

5. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігін бағалау.

Диссертацияда ұсынылған нәтижелер, тұжырымдамалар мен корытындылар өзара байланыста. Олар зерттеу үшін қойылған мақсат пен міндеттерге, ғылыми талаптар мен ұсыныстарға сәйкес. Диссертация мазмұнының аяқталуымен, құрылымдылығымен, нәтижелерінің ғылыми және тәжірибелік маңыздылығымен ерекшеленеді. Жұмыс көлемі мен библиография бойынша ескертулер жоқ. Диссертацияны аяқталған зерттеу жұмысы деп есептеуге толығымен мүмкіндік бар.

6. Алынған нәтижелердің тәжірибелік және теориялық маңыздылығы.

Зерттеушімен қылмыстық іс жүргузудегі қағидаларының жүзеге асырылуы мәселелерінің ерекшеліктерін жалпылау және жүйелеу талпынысында конституциялық құқық, мемлекет және құқық теориясы және тарихы, қылмыстық, әкімшілік, материалдық және процессуалдық құқықтар сияқты құқықтың көптеген салаларының жалпы теориялық ережелерінің мазмұны дамытылып, толықтырылды. Осы жұмыста, автордың ойынша, қылмыстық іс жүргізуде қағидалардың дамуы мен нығаюы үшін қажет негізгі тұжырымдамалық бағыттар бойынша ұсыныстар негізделеді. Бұл ұсыныстар конституциялық, қылмыстық-процессуалдық, қылмыстық, азаматтық және басқа да құқықтың салаларының теориялық және зәңи мәтіндерін өндөу барысында қолданылуы мүмкін.

Диссертациялық жұмыста алынған ғылыми нәтижелер үлкен теориялық және тәжірибелік маңызға ие. Жұмыстың ғылыми маңыздылығы

құқық ғылым саласын одан әрі дамытуға ықпал ететін қағидаларға, теориялық ережелер мен тұжырымдардың болуына негізделеді.

Диссертациялық жұмысты орындау нәтижесінде жасалған корытындылар қылмыстық процестегі қағидаларды сотқа дейінгі өндірісте жүзеге асырудың теориялық мәселелерін дамыту саласында өзекті сұраптарды шешуге, осы саланы құқықтық реттеуді жетілдіруге ықпал етеді.

Диссертация материалдарын заң жоғары оку орындарында оқылатын оку процесінде дәріс беруге қолдануға болады.

7. Диссертациялық жұмыстың негізгі қағидасының, нәтижесінің тұжырымдары мен корытындыларының жариялануына растама.

Барлық ғылыми нәтижелер бойынша ашық баспада 12 ғылыми мақалалар жарық корген.

Зерттеудің негізгі мазмұны мен нәтижелері 12 ғылыми мақалада, соның ішінде шетелдік басылымдарда, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым сапасын қамтамасыз ету Комитетімен ұсынылған жарияланымдарда, халықаралық және республикалық конференция материалдарында жарияланған.

1 макала - Scopus деректер базасында тіркелген және индекстелетін журналдарда жарияланған:

1. International and interstate aspects of ensuring the rights of the suspect and the accused in the proceedings of forensic investigation // Int. J. Electronic Security and Digital Forensics, Vol. 13, No. 2, 2021. P. 155-179.

2 макала- Шетелдік халықаралық ғылыми конференцияда жарияланды:

1. Problems of protection of the rights and interests of the suspects accused of criminal trial // Development strategy of science and education: Collection of scientific articles. - Fidelite editions, Namur, Belgique, 2017. - 243-246 p.

2. Regulation of the rights and duties of suspects, accused person in sentencing and obtaining expert examinations in accordance with the law of Republic of Kazakhstan: comparative analysis // Materials of XV International research and practice conference. Science and civilization- 2019. 30 January-07 February, 2019. Volume 8.- P. 3-10.

3 макала- Қазақстандық халықаралық ғылыми конференцияда жарияланды:

1. Дискурсивные вопросы о классификации международно-правовых актов в отношении подозреваемых (обвиняемых) содержащихся под стражей // Материалы международной научной конференции студентов и молодых ученых "Фараби әлемі". Том 1. - Алматы, Казахстан, 10-13 апреля 2017 г.- С. 200-202.

2. Вопросы обеспечения права на защиту подозреваемого и обвиняемого в уголовном процессе Республики Казахстан // Сборник Международной научно-практической конференции "Актуальные вопросы обеспечения общественной безопасности и противодействия преступности в

Республике Казахстан". Секция 3: Проблемы формирования "нулевой терпимости" к правонарушениям в обществе, 16-17 ноября 2017 года.- Астана- Алматы: Академия правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан, 2017.- С. 63-67.

3. Халықаралық қылмыстық процесте айыпталушының құқықтарын қамтамасыз етудің жалпытеориялық аспектілері // Материалы международной научной конференции студентов и молодых ученых "Фараби әлемі". Том 1. - Алматы, Казахстан, 9-11 апреля 2018 г.- С. 241-244.

6 мақала- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым сапасын қамтамасыз ету Комитетімен ұсынылған журналдарда жарияланды:

1. Кәмелетке толмаған күдіктіден жауап алудың ерекшеліктері // Наука и жизнь Казахстана. Қазақстанның ғылымы мен өмірі.- № 2/2 (45) 2017.- Астана, 2017.- 70-72 б.

2. Презумпция невиновности- как один из принципов обеспечения прав подозреваемых и обвиняемых // Наука и жизнь Казахстана. Қазақстанның ғылымы мен өмірі.- № 2/2 (45) 2017.- Астана, 2017.- С. 55-58.

3. Неприкосновенность личности- как гарантия обеспечения прав и законных интересов подозреваемых и обвиняемых в уголовном процессе // Наука и жизнь Казахстана. Қазақстанның ғылымы мен өмірі.- № 6 (50) 2017.- Астана, 2017.- С. 197-201.

4. Қазақстанның қылмыстық процесінде күдікті мен айыпталушы туралы заннаманың даму үрдістері // ҚазҰУ Хабаршысы. Заң сериясы.- № 3 (83) 2017.- Алматы: Қазақ университеті, 2017.- 123-134 бб.

5. Институт реабилитации и его роль в защите прав и законных интересов подозреваемого и обвиняемого // ҚазҰУ Хабаршысы. Заң сериясы.- № 4 (84) 2017.- Алматы: Қазақ университеті, 2017.- 131-140 бб.

6. The principles of criminal trial in the system of guarantees of the rights and legitimate interests of the suspect and defendant // Вестник КазНУ. Серия международные отношения и международное право.- № 1 (85) 2019.- Алматы: Қазақ университеті, 2019.- 44-54 бб.

8. Академиялық адалдық және тәуелсіздік қағидасының сақталуы.

Аталған диссертациялық зерттеу жұмысында автор академиялық адалдық қағидасының шенберінде жұмыс жасаган, автор басқа авторлардың еңбектерін адал қолданған, олардың жұмыстарына сілтемелерді көрсетіп, сонымен қатар, қолданылған құжаттар мен нормативтік құқықтық актілерге тиісті сілтемелерді жасаган және сөздер мен сөз тіркестерінің синонимдік алмастырылуы байқалмайды. Диссертациялық жұмысты дайындауда автордың дербестік және тәуелсіздік қағидасы шенберінде жұмыс жасағанын, оның келтірілген қорытындылары мен ұсыныстарынан байқауға болады.

9. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер мен ұсыныстар.

Диссертациялық зерттеудің мазмұны бойынша келесі кемшіліктер орын алған:

1. Диссертацияның мазмұнына келер болсақ, диссертацияны жазу барысында қазіргі таңдағы өзекті мәселе болып табылатын жеке басқа колсұғылмаушылық қағидасының элементі күзетпен ұстау бұлтартпау шарасының қолданылуына қатысты тәжірибелі мәліметтерді көбірек қолданған кезде жұмыстың қундылығы арта тусер еді.

2. Автормен үйқамакқа алу, күзетпен ұстау сияқты бұлтартпау шараларын таңдау кезінде ескерілетін мән-жайларды анықтау алгоритмі әзірленген және халықаралық-құқықтық талаптар анықталған, алайда нақты мысалдар көлтірілмеген.

Бір қараганда, бұл норманы халықаралық стандарттарға сәйкес қарастыру дұрыс болар еді. Мысал ретінде Канаданы алатын болсақ, ол жерде әртүрлі ауырлық дәрежедегі бұлтартпау шаралары мен шектеулерді қолдану кезінде «баспалдақ әдісі» деген тәсіл қолданылады. Бұл тәсіл азаматтардың кінәсіздік презумпциясына құқығын (КР Конституциясының 77-бабы) және сотқа дейін күзетпен ұстаудан босату құқығын қамтамасыз етуге бағытталады, яғни егер айыптаушы тарап судьяны неғұрлым шектеулі бұлтартпау шарасын қолдану қажет екендігіне сендермесе, тергеу судясы күдікті үшін ең аз ауырлықтағы бұлтартпау шарасын қолдануға тиіс. Мысалы, егер прокурор судьяны сот төрелігінің мүдделері тек кепіл немесе одан да неғұрлым шектеулі шараларын қолдану арқылы қамтамасыз етілуі мүмкін деп сендіре алмаса, тергеу судясы ешқайда кетпеу туралы қолхат қолдануы керек. Сондай-ақ, егер тарап судьяны үйқамақты қолдану қажеттілігіне сендіре алмаса, судья кепілді қолдануы керек.

3. Зерттеу жұмысының мәтінінде кішігірім грамматикалық қателіктер кездеседі және құқықтық терминдерді, ұғымдарды мемлекеттік тілде көрсетуде, аударуда бірқатар қателіктерге жол берілген. Жұмыстың мазмұнында жіберілген техникалық, грамматикалық қателер жұмыс мазмұнының ғылыми құндылығына нұксан көлтірмейді.

Жоғарыда көлтірілген ескертулер мен ұсыныстар диссертациялық зерттеу жұмысының құндылығын, мәнін және ғылыми маңыздылығын төмендетпейді, тек қана ұсыныстық сипатта болып табылады.

10. Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін диссертациялық жұмысқа қойылатын талаптарға сәйкестігі.

Диссертациялық жұмыста қазақстандық, ресейлік ғалымдардың ғана емес, алыс шетел заңгер ғалымдардың да ой-пікірлері сараланып, салмақты тұжырымдар ұсынылған, сынни көзкарастар білдірілген.

А.А.Арынның «Қылмыстық сот өндірісінде күдіктінің құқықтарын қамтамасыз етудің халықаралық-құқықтық стандарттары: Қазақстан

Республикасының заңнамасына имплементациялаудың мәселелері» атты тақырыбы бойынша жазған диссертациялық жұмысы барлық талаптарға сай жазылған деп санауға болады, оны орындау барысында техникалық өлшемдері сақталған, ғылыми теориялық және қажетті талаптарға сәйкес, деңгейі жоғары орындалған, бүгінгі таңда қылмыстық іс жүргізуде күдіктінің құқықтарын қамтамасыз ету мәселелері халықаралық деңгейдегі мәселе екендігін ескерсек, тақырыптың өзектілігіне күмән келмейді, сондай-ақ, ғылыми ұсылыстары мен тұжырымдары қазіргі заманға сай құқықтық қызмет түрлерінің жиынтығы ретінде көрсетілген деп санауға болады.

Жалпы, жұмыс диссертацияларға (PhD) қойылатын талаптарға сәйкес келеді, ал оның авторы Арын Айжан Арынқызы «6D030200- Халықаралық құқық» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайыкты.

Ресми рецензент:

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің
заң факультеті деканының
ғылыми-инновациялық қызмет және
халықаралық байланыстар
жөніндегі орынбасары,
заң ғылымдарының кандидаты, доцент

 Е.Т. Алимкулов

«10» сәуір 2021 жыл

